

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2010 жылғы 1 шілдедегі ағымдағы жағдайы**

2010 жылғы 1 шілдеде 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. 2010 жылғы маусым айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

16 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2 014,5 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 823 959 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы маусым айында 14 332-ге (0,2%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 18,9 млрд. теңгеге (0,9%) ұлғайды.

2010 жылғы 1 шілдеде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,3%, «МЖЗҚ» – 22,2%, «Ұлар Үміт» – 14,5% және «БТА Қазақстан» – 10,4% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,4%-ы келеді. 2010 жылғы маусым айында 4 қордың үлесі 1,2 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 229 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы маусым айында 152-ге (0,4%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 91,6 млн. теңгемен 4 063 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы маусым айында 9 бірлікке азайды, жинақталған зейнетақы қаражаты 1,7 млн. теңгеге (1,8%) ұлғайды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жылғы маусым айында 18,9 млрд. теңгеге (0,9%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 шілдеде 2 020,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың маусым айында 3,6 млрд. теңгеге (0,2%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 шілдеде 1 628,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 503,4 млрд. теңге болды. 2010 жылғы маусым айында «таза» инвестициялық кіріс 7,4 млрд. теңгеге (1,4%) азайды.


Салымшылардың (алушылардың) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.09	1.01.10	1.07.10	1.01.10 салыстырғандағы өсім	1.01.10 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 420,5	1 860,5	2 020,0	159,5	8,6
Зейнетақы жарналары	1 184,7	1 488,8	1 628,0	139,2	9,3
«Таза» инвестициялық кіріс	307,0	481,7	503,4	21,7	4,5
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	21,6	25,9	24,9	-	- 1%-дық тармақ

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі жылдың басынан бастап 159,5 млрд. теңгені құрағаны байқалады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 26,6 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 шілдеде ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 624,5 млрд. теңге (30,9%), «МЖЗҚ» – 325,5 млрд. теңге (16,1%), «ҰларҮміт» – 295,1 млрд. теңге (14,6%) және «БТА Қазақстан» – 177,7 млрд. теңге (8,8%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 70,4%-ы келді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы маусым айында өзгерместен, 2010 жылғы 1 шілдеде 11,9 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 160,0 млрд. теңге болды немесе маусым айында 3,1 млрд. теңгеге (2,0%) өсті. Қорлар 2010 жылдың басынан бастап алушыларға жалпы сомасы 27,8 млрд. теңгеге (21,0%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес

сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 4,4 млрд. теңгеге 2 168 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 шілдеде 8,2 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару маусым айында 15,3 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 899,0 млрд. теңгені құрады.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі маусым айында 18,2 млрд. теңгеге немесе 0,9%-ға өсіп, 2 018,5 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 шілдеден бастап 2010 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 31,4 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	625 063	30,97
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	339 742	16,83
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	294 329	14,58
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	45 413	2,25
"ГНПФ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	325 950	16,15
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	175 711	8,71
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҮ)	127 981	6,34
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	127 981	6,34
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	94 288	4,67

"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	68 366	3,39
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	67 514	3,34
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	61 240	3,03
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	61 240	3,03
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	57 497	2,85
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	52 088	2,58
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 083	1,14
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы</b>	<b>2 018 523</b>	<b>100</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың маусым айында 29,3 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 шілдеде 1 981,2 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 43,2%-ын (855,5 млрд. теңге) құрайды және 1 маусымдағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 3,3%-ға немесе 28,9 млрд. теңгеге азайды. 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 33,5%-ын құрады (664,4 млрд. теңге).

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары Финансовые инструменты	1.06.2010.		1.07.2010.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>884 422</b>	<b>45,17</b>	<b>855 544</b>	<b>43,18</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	736 809	37,63	742 087	37,45
Ұлттық Банктің ноттары	147 613	7,54	113 457	5,73
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>196 867</b>	<b>10,05</b>	<b>196 048</b>	<b>9,90</b>
акциялар	50 207	2,56	40 626	2,05
облигациялар	146 660	7,49	155 422	7,85
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>		
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>40 651</b>	<b>2,08</b>	<b>40 807</b>	<b>2,06</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>21 930</b>	<b>1,12</b>	<b>78 127</b>	<b>3,94</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>15 802</b>	<b>0,81</b>	<b>16 445</b>	<b>0,83</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>677 505</b>	<b>34,60</b>	<b>664 385</b>	<b>33,53</b>
акциялар	186 582	9,53	179 497	9,06
облигациялар, оның ішінде:	490 923	25,07	484 888	24,47
Шетел валютасында номинирленген	23 667	1,21	26 034	1,31
теңгеге номинирленген	467 256	23,86	458 854	23,16
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>121 246</b>	<b>6,19</b>	<b>130 521</b>	<b>6,59</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-482</b>	<b>-0,02</b>	<b>-666</b>	<b>-0,03</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 957 941</b>	<b>100</b>	<b>1 981 211</b>	<b>100</b>

ҚР эмитенттері техникалық дефолтқа жол берген, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың үлесі 2010 жылғы 1 шілдеде зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 4,2%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 85,1 млрд. теңге болды.

## Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2005 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым кезеңінде – 44,95%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 42,80% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,34%);


– 2007 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым кезеңінде – 17,96% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 37,90%);

– 2009 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым кезеңінде – 5,47% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 6,8%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2010 жылғы 1 шілдеде алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,47 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,95 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,25 пайыздық тармаққа өсті.

## Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



## Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 75,0 млрд. тенге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 43,5 млрд. тенге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 58%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 86,2 млрд. тенге болды.

2010 жылғы қаңтар-маусым айларында 5 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан», «Қазақмыс» және «Республика») жалпы сомасы 3,3 млрд. тенге шығынға ұшырады, бұл ретте 8 қор жалпы сомасы 5,3 млрд. тенге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 шілдеде 2,0 млрд. тенге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 69,3 млрд. тенге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 80,4%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 59,7%, шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына – 1,6%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 13,6%, «Кері РЕПО» операцияларына - 1,7% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі

салымдарға – 20,2%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 3,2%-ын орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.07.10
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	15 887,8	17 534,3*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	11,7	11,5
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	9,4	9,3
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	3,0	2,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,5	0,4

\* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері